

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҒЫНДАҒЫ ДИАЛОГТЫҢ МАҢЫЗЫ

*Қытшақов С.А., п.ғ.к., Е.А.Бөкетов атындағы
ҚарМУ доценті*
*Манабаева А.Ш., п.ғ.к., Е.А.Бөкетов атындағы
ҚарМУ доценті*
Ильяс Ә., БӨЖС-41 тобының студенті

Мектептегі сабақ беру әдістемесіндегі диалогтік оқытудың маңызы үлкен. Диалог – ғылымда процестің іздеген нәтижеге әр түрлі, бірақ бір-бірімен жарыспайтын көзқарастар, қатынастар, бағыттардың өзара байланысты жолымен жүзеге асырылатын прогрессивтік дамуының түрі ретінде көрінеді. Сабақ барысында оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы арасында жүргізілген диалог оқушылардың қызығушылығын, танымын арттырады. Мерсер мен Литлтон өз еңбектерінде айтып кеткендей, диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыру мен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатынын атап көрсетті. Зерттеулерде ересектермен интерактивті қарым-қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың балалардың оқуына және когнитивті дамуына әсер ететіндігі айтылған.

Оқуды диалог түрінде оқытуды белсендіруге ықпал ететін кез келген тәсілді қолдау мектептің заманауи талаптарына сәйкес қай қырынан жетілдіруге құқықтар білдіретін фактіні растайды;

- сабақ беру мен оқыту талқылау үдерісінде жүзеге асырылуға және ынтымақтастық қолдануға тиіс, сондықтан мұғалімдер оқушыларға өз бетінше орындау құқығын беретін, сыныпта аса демократиялық атмосферасын қалыптастыратын тәсілмен оқыту үдерісін көңіл бөле ұйымдастыруы керек.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығарып, таратуында. Оқушылар өзара сөйлесудің, оқыта үйрету ойындарының артықшылығын көреді. Бұл оқушылардың өз күшіне сенуіне және оларда оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға ықпал етеді.

Дарынды балалар сабақта жүйелі түрде, үнемі аса жоғары күрделікті деңгейінде жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болады, бұл

олардың интеллектуалдық қуатын жүзеге асыруға ықпал етеді. Сындарлы оқытуға негізделген сабақтар оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып, білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл үдеріс оқушылардың өз болжамдарына күмәнмен, сыни тұрғыдан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады.

Оқытудың бұл түрінде оқушылар өте маңызды рөл атқарады: олар құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасау арқылы белсенді түрде білім жинақтайды. Мұғалім оқушылардың оқуына мүмкіндік тудырып, оқу материалы және өзге де қажетті құралдармен қамтамасыз етеді.

Әрбір сабақта оқушыларға сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік беріп, өзара талқылау арқылы, түрлі ойлардың болатындығын, бір-бірінің түсінуіне, көмектесуіне назар аудару қажет. Диалогтік тәсілдің оқушылардың ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектесу керек.

Сабақтағы өтілген тақырыпқа байланысты сұрақ қою бір қарағанда қарапайым болып көрінгенімен, ол маңызды дағдылардың бірі болып табылады. Диалогтың ары қарай жалғасын табуы немесе таппауы сөйлеушілердің әңгімелесу барысында «егер де, ойлаймын, мен есептеймін, бірақ сіз ойламайсыз ба, сонымен сіз айтасыз ба, иә, бірақ, сіз қайдан білесіз және мүмкін» деген сияқты және де басқа осы тәрізді мәдени лингвистикалық сөз мәнерлерін қолдануына көп байланысты деп ойлаймын. Мұғалім оқушыларға тек теориялық немесе практикалық білім беріп қана қоймай, олардың мәдениетті сөйлеу нақыштарына да назар аударулары керек. Осы әрекеттер үрдіске айналғанда ғана сыныптағы өзара әрекеттесу процесі толық ынтымақтастықта дамиды деп санаймын.

Оқытуды диалогтік тәсілмен дамытудағы сұрақтардың маңызын қарастыратын болсақ, сұрақ қою арқылы:

-оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;

-оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды;

-білімге күштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады;

-оқушыларға білімін қалыптастыруға және вербалдандыруға көмектеседі;

-оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді және көмектеседі;

-оқушылардың бір-біріне үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді;

-әңгімелесу және ой елегінен өткізу көмегімен ойын жинақтауға көмек береді, іс-әрекеттерін тереңдетеді және шоғырландырады;

-оқытудағы қиындықтар мен түсінісбестіктерді анықтайды.

Оқушылардың ынтасын анықтай және басқара алатын мұғалімдер оларды дамыту жолдарын белгілеуде негізгі рөл атқарады. Қазіргі кезде оқу қабілеттерін қалыптастыратын немесе шектейтін күштерді белгілей отырып, мұғалім белгілі бір педагогикалық амалдарды таңдап, балаларға өз әлеуеттерін ашуға, сол арқылы ең үздік оқушы болуға көмектесуге тиіс.

Мысалы балалар жұптасып, топтасып атқарылатын жұмыстарда өздерін еркін сезіне алмайтын болса, оларды мәжбүрлеудің қажеті жоқ. Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген күштарлығын ояту ең маңызды мақсат. (К.Д.Ушинский). Осы мақсатта сыныптағы балалардың кімдермен қарым-қатынас жасайтынын білу керек. Бұған «Достар ортасы» немесе әртүрлі дидактикалық ойындар сияқты жаттығулар көмектесе алады.

Мадақтау кезінде баланың қарым-қатынас жасау үшін қабылдаған барлық әрекеттерін марапаттап отыру қажет. Баланың ауызекі тілін жөндеуден аулақ болу, одан да сөйлеуді дамытатын жақсы модельдермен және мүмкіндіктермен қамтамасыз ету керек. Баланың әлеуметтік дағдыларын, тіл қолданысын арттыруды баланың қызығушылық танытатын істері арқылы жүзеге асырылады.

Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтік оқытудың маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Арнайы зерттеушілер диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейлерін өсіруге үлес қосатынын атап көрсеткен. Зерттеулерде ересектермен қарым-қатынас пен

достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың нәтижесі балалардың оқуына және коллективті дамуына әсер ететінін көрсетеді. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болуы, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сияқты әртүрлі техникаларын пайдалануға болады. Түрткі болу дегеніміз сұрақтар бірінші жауап алу үшін және оқушының жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет.

Сынақтан өткізу дегеніміз сынақтан өткізуге арналған сұрақтар оқушыларға анағұрлым толық жауап беруге, өз ойларын анық білдіруге, өз идеяларын дамытуға көмектесетіндей етіп құрылуы қажет.

Іс-тәжірибеден өту кезінде сабақтарымда топқа берілген тапсырмада да диалогтік оқыту көрініс тапты, себебі әрбір топтағы оқушы сұраққа қалай жауап беру керектігін сыныптасымен ақылдасып, ортақ шешімге келіп отырады. Құнды сұрақтар қойып, қасындағы сыныптастарынан, басқа оқушылардан жауап алып жатқандығын көріп, топ ішінде тұлғааралық байланыс орнаумен қатар, диалогтік оқыту жүзеге асырылып жатқанын көрдім. Әрбір оқушының бойында белсенділік, қызығушылық, бәсекелестік сияқты қабілеттер көрініп, оқушылар бір-бірлерімен жақсы қарым-қатынас жасады. Барлық сабақтарымда диалогтық оқыту көрініс тауып жатты. Алдағы уақытта оқушыларды ашық сұрақтар, құнды пікірлер, идеяларын айтуға дағдыланып, болашақта өз ойларын толықтай жеткізеді деген сенімдемін.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

*Манабаева А.Ш., п.ғ.к., Е.А. Бөкетов атындағы
ҚарМУ доценті,
Нуржан А., БӨЖС-41 тобының студенті*

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама талаптарына сәйкес заманауи мақсаттар мен құндылықтарды жүзеге асыруға